



Бейсенова Фариза,

**М. Ломоносов атындағы орта мектептің 11 сынып
оқушысы**

Елбасының асыл мұраты және білімді жастар

Мен тәуелсіздіктен кейін дүниеге келген жастардың бірімін. Қазір 11 сыныпты аяқтағалы жүрмін. Біз, менің қатарластарым, егемендіктің алғашқы жылдарындағы ел басына түскен ауыртпалықты көрмесек те, ол жайында ата-аналарымыздан, ұстаздарымыздан, бұқаралық ақпарат құралдарынан біліп жатырмыз.

Сол бір қиын-қыстау кезеңнің, әсіресе, Елбасына оңай тимегенін мына бір жүрекжарды сөзінен айқын аңғарамыз: «...Қазір, міне, халық сенімін арқалап, қайткенде қиын кезеңнен өткізем дегенді ойлағанда, еңсем езіліп, түн ұйқым төрт бөлінеді. Шүкір, мұндайда бір-ақ сенім бар. Ол – талай ауыртпалықты бастан кешкен халқымыздың сабыр–төзімі».

Жас тәуелсіз мемлекет тізгінін қолына алған сәттен бастап-ақ Нұрсұлтан Әбішұлы халық сенімінен шығуды ойлады. Ол үшін қайткенде де Қазақстанды еңселі ел етуді мұрат тұтты. Осындай асыл да асқақ арманға жетудің басты жолы ел келешегі - жастарға сапалы білім беру деп шешті де, көп ұзамай істі бастап кетті. Осы орайда дана Абайдың «Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» деген сөзі еріксіз тілге оралады.

Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Назарбаев қиыншылықтарға қарамастан, 1993 жылы «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындады. Бұл жобаның мақсаты талабы зор, таланты мол қазақстандық жастарды әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім мен ғылым көкжиегін кеңейтіп, кәсіби мамандар даярлау еді. Олардың біршамасы бүгінде Отанымыздың қарыштап дамуына, қарқынды іс қимылына өз үлестерін қосуда.

Осылайша игілікті ірі істің бастамашысы бола білген Елбасымыз білім жүйесін әлемдік стандарттарға сай ету жолындағы

[Введите текст]

нақты шешім, іс-қимылдарын жалғастырып келеді. Айталық, Қазақстанды өркендетудің 2030 жылға дейінгі стратегиясында да мемлекет басшысы білім мәселесіне көп көңіл бөлді. Соның нәтижесі болар, соңғы деректерге сүйенсек, бүкіл халықтың 99,8 % -ның орта білімі бар. Басқа дамыған елдермен салыстырар болсақ, бұл көрсеткіш Түркияда 76,6%, Үндістанда 57 % екен. Нақтырақ айтар болсақ, қазір Қазақстан төрткүл дүниедегі 177 мемлекеттің арасында сауаттылық жөнінен 14 орында.

ЮНЕСКО статистикалық институтының мәліметіне жүгінсек, Отанымыз баршаға білім беруді дамыту индексі бойынша 129 елдің ішінде 1-орынды иеленіп отыр.

Осы цифрлардың өзінен-ақ елімізде адам капиталы сапасының артып отырғанын көреміз. Елбасымыздың көздеп отырғаны да осы. Ол, тіпті, биылғы Жолдауының 4-тараушасын «Адам-елдің басты байлығы» деп атапты. Неге? Себебі адамның мүмкіндігі—оның бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші. Ал, бәсекеге қабілеттілік білім деңгейіне тәуелді.

Нұрсұлтан ағамыздың Қазақстанды әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына қосу ниетінің орындалуы баршамызға байланысты. Елбасы бастаған істі біз қолдауымыз керек. Неге десеңіз, қазіргі жаһандану заманында тек бәсекеге қабілеттілер ғана алға шыға алады. Осыны жас жеткіншектерге ұғындыру үшін Н.Назарбаев ел тарихында тұңғыш рет 2007 жылғы 3 қыркүйекте Астанадағы Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейінде «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» тақырыбына интерактивті сабақ өткізді.

Ол Қазақстанда ел болашағы – жас ұрпақтың әлемдік стандартқа сай білім алуы үшін барлық жағдай жасалғанын айта келіп: «Жаһандану да таяп келе жатыр. Бұл - бәсеке деген сөз. Мұндай жағдайда мемлекет пен мемлекет бәсекеге түседі. Тіпті адамдардың арасындағы бәсеке де күшейе береді. Егер де бәсекеге сай болмасаң, орныңды басқа адамға беруге тура келеді. Бәсекеге қабілетті болу тікелей білімге байланысты», - деді.

Елбасы 6500 оқушы тыңдаған өз сабағын: «Тынбай ізденіңдер, оқудан, үйренуден жалықпаңдар» деген сөздермен түйіндеді.

Осы сабақтан бір жыл бұрын, 2006 жылғы 26 мамырда, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқыған дәрісінде де Н.Назарбаев «қатал халықаралық бәсекелестіктің өсуі бүгінде барынша маңызды әлемдік үрдіске айналып отырғанын» қадап айтып, бәсекеге қабілеттілік индексі

[Введите текст]

бойынша әлемде 1-орынға ие Финляндияны өнеге етті. Студенттердің назарын осы заманғы экономикада салмақ материалдық тауарлар мен қызметтерге қарағанда, «интеллектуалдық әлеуетке» көбірек түсірілетініне аударды.

Сондықтан болар, көреген басшы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқыған актілік дәрісі кезінде «интеллектуалды ұлт жобасын» ұсынды. «Интеллектуалды ұлт - 2020» идеясының басты мақсаты- жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеу. Елді адам капиталы арқылы бәсекеге қабілетті ету.

«Білімді, интеллектуалды адамдарсыз, дамыған ғылымсыз Қазақстанда перспектива болмайды» дей жүріп, «Тұңғыш Президенттің 20 интеллектуалдық мектебі» жобасын дүниеге келтірген де біздің Елбасымыз. Алғашқы интеллектуалдық мектеп Астанада ашылды. Екеуі Семей мен Көкшетау қалаларында жұмыс істеп жатыр. Өзге өңірлер де таяу арада осындай мектептермен қамтамасыз етілетін болады.

Сөз орайы келгенде, айта кетейін, Нұрсұлтан Әбішұлы әлемнің үздік 200 университеті қатарында Қазақстанның бірде-бір оқу орны жоқтығына қынжылатынын, оқыдым. Бұл мәселе келешекте оң шешіліп, Елбасы, бүкіл қазақстандықтар қуанатын, марқаятын шақ та алыс емес деп ойлаймын.

Себебі, мемлекет басшысының бастамасымен елордамыз Астанада әлемдік деңгейдегі тұңғыш университет ашылмақшы. Жаңа халықаралық университеттің мақсаты – елдің жаңа кәсіби қызметкерлерін даярлауға өз үлесін қосу, жастарға халықаралық стандарттарға сай білім беру.

Шіркін, мен де Елбасы Н.Назарбаев атындағы жаңа Астана университетіне түссем ғой деп қиялдаймын. Мұнда оқу ағылшын тілінде жүргізілетін көрінеді. Ұстаздары да шетелдік мықты оқытушылар болмақшы. Мен қазақ және орыс тілдерінде еркін сөйлеймін, өте сауатты жазамын. Қазіргі таңда Елбасы жастарға «Үш тұғырлы тіл саясатын» жүзеге асыруды ұсынды. Бұл тұрғыда мен де тілді үйренуге барымды саламын! Нұрсұлтан Әбішұлының да қалағаны – үш тілді бірдей меңгерген білімді де білікті жастар. Елбасының, халқымыздың асыл мұраты – Қазақстанды әлем таныған, жоғары технологиялық мемлекет деңгейіне жеткізетін де осындай жастар. Оған мемлекет басшысының мына бір сөздері айғақ: «Болашақта білімді де қабілетті жастардың ел үшін аянбай еңбектеніп, Қазақстанның даңқын асыратынына, мәртебесін асқақтататынына мен сенемін». Олай болса, Елбасы сенімінен шыға білейік.

[Введите текст]